

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
IMS OF LN GUMILYOV ENU
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE
«ҚАРЖЫЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ» РМҚ
РГП «ЦЕНТР ПО ИССЛЕДОВАНИЮ ФИНАНСОВЫХ НАРУШЕНИЙ»
RSE «CENTRE FOR FINANCIAL VIOLATIONS RESEARCH»



**«ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ТУРБУЛЕНТТІЛІК РЕЖИМГЕ КІРУ
ЖАҒДАЙЫНДА ЕЛДІҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ»**

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

**«ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТРАНЫ
В УСЛОВИЯХ ВСТУПЛЕНИЯ МИРОВОЙ ЭКОНОМИКИ
В РЕЖИМ ТУРБУЛЕНТНОСТИ»**

Works of the international scientific- practical conference

**«FOREIGN ECONOMIC ACTIVITY OF THE COUNTRY IN CONDITIONS
OF ENTRY OF THE WORLD ECONOMY TO THE MODE
OF TURBULENCE»**

2 часть

2015

Астана

УДК 339.9(063)
ББК 65.5
Ә 52

Редакция алқасы

МАДИЯРОВА Д.М. – төрағасы, э.ғ.д., профессор
РАХМЕТУЛИНА Ж.Б. – төраға орынбасары, э.ғ.к., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика» кафедрасының меңгерушісі
АХМЕТЖАНОВА С.Б. - э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты
АЗАТБЕК Т.А. – э.ғ.д., профессор
ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. – э.ғ.д., профессор
РАИМБЕКОВ Ж.С. – э.ғ.д., профессор
ШАЛБОЛОВА У.Ж. – э.ғ.д., профессор
КӘРІБАЕВ Ә.А. - э.ғ.к., Қолданбалы ғылыми зерттеулер бөлімінің меңгерушісі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық»
СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ. - ф.ғ.к., саясаттану PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры
ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент

Ә 52 «Әлемдік экономиканың турбуленттілік режимге кіру жағдайында елдің сыртқы экономикалық қызметі» халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері. - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015.-577б.

Труды международной научно-практической конференции «Внешнеэкономическая деятельность страны в условиях вступления мировой экономики в режим турбулентности».- Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2015.-577с.

Works of the international scientific- practical conference «Foreign economic activity of the country in conditions of entry of the world economy to the mode of turbulence».- Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2015.-p.577.

ISBN 978-601-301-521-7

УДК 339.9(063)
ББК 65.5

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2015

ISBN 978-601-301-521-7

БҮКІЛӘЛЕМДІК САУДА ҰЙЫМЫНДА ҚЫЗМЕТ ЕТУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУЫ

А.М.Бакирбекова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, Астана қ.

Бүкіләлемдік сауда ұйымына (БСҰ) кіргенен кейін халықаралық бәсекелестік жағдайында елімізде өндірілген өнімдердің бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте тұр. Ал халықаралық нарыққа шығу үшін сапалы, шетел тауарларына бәсекеге қабілетті бола алатын өнім қажет және жоғары сапалы өнім өндіретін салалар білікті мамандармен қамтамасыз етілуі тиіс. Сонда ғана белгілі нәтижелерге қол жеткізгенімізге сенім артуға болады. Қол жеткізген табыстарға тоқмейілісіп, бір орында тұрып қалуға болмайды, сонымен қатар алдымызға әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарына қосылу міндеті тұр. Елімізде жүзеге асырылып жатқан индустриялық – инновациялық даму стратегиясы да дәл осы мақсаттарды көздейді.

Қазіргі әлемде сыртқы нарықта көшбасшы болып тұрған субъектіні анықтайтын түсініктер арасында бәсекеге қабілеттілік ең басты түсініктердің біріне айналды, бірақ, әлі күнге дейін қазіргі заманғы әлемдік экономикалық ғылым «бәсекеге қабілеттілік» түсінігіне жалпыға бірдей арналған анықтама берген жоқ және де оны қалыптастыру мен бағалау әдістеріне жалпыға бірдей тәсілдер ойлап табылмады.

Бәсеке қабілетінің мазмұны «бәсеке» терминімен тікелей байланысты. Ежелгі латынның «concurrentia» сөзінен бастау алатын бұл сөз «қақтығысу», «тартыс» мағынасын білдіреді.

Бәсеке қабілеттілік – бұл бәсекелесу қабілеттілігі, ал бәсекелестіктің артықшылығы – бұл бәсекелесуге мүмкіндік беретін артықшылықтар. Басқаша айтқанда, бәсекелестік артықшылықтары – бұл бәсекелес субъектілерінде бәсекелесу факторларының көрінуінде [1].

ҚР «Бәсекелестік туралы» Заңында: «бәсекелестік – дербес жасаған іс-әрекеттері тиісті таура нарығындағы тауарлар айналысының жалпы жағдайына олардың әрқайсысының біржақты ықпал ету мүмкіндігін тиімді шектейтін нарық субъектірінің жарысы»- деп көрсетілген [2].

Отандық және шетелдік арнайы әдебиеттердің талдауы көрсеткеніндей, қазіргі уақытта өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің мағынасын толық ашып көрсететін бірінғай тұрақты анықтама қалыптаспаған. Бұл мәселеге байланысты бірнеше көзқарас бар. Көптеген зерттеушілер бәсекеге қабілеттілікті белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған өнімнің сапалық және құндық сипатымен немесе өнімнің нарықта өту мүмкіндігімен байланыстырады.

Біздің пікіріміз, қазақстандық бір топ ғалымдар бәсекелік қабілетке берген анықтамаға қосыламыз: «бәсекелік қабілет – өнімнің нақты қоғамдық қажеттіліктерге сәйкестік деңгейімен, сондай-ақ оны қанағаттандыруға кеткен шығындарымен бейнеленеді». Сол сияқты, тамақ өнеркәсібінің бәсекелік қабілетін жүйелі түрде зерттеген ғалым-экономист С.Б.Ахметжанова «бәсекеге қабілетті өнім, бәсекелестердің нарыққа ұсынған ұқсас тауарларымен салыстырғанда, сапасы мен бағасы жағынан ерекшеленеді» деген пікір білдіреді [3].

Профессор К.Р.Нұрмағамбетовтың өнімнің бәсекелік қабілеті туралы топшылауында өзіндік маңыз бар: «бәсекелес кәсіпорын өндірген ұқсас өнімге ішкі және сыртқы нарықта қарсы тұру – өнімнің бәсекелік қабілетін көрсетеді» [4].

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату міндетін шешуінде таңдау мәселесі мен жаңа өткізу нарықтарын игеру мағынасы жылдан жылға артып келеді. Осыған байланысты әрбір кәсіпорында бұл салада талдау-іздеу жігері өте маңызды. Жүргізілген талдаулар нәтижелері негізінде өнім мен өндіруші кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі бойынша келесідей проблемалар анықталды:

сапалық көрсеткіштер жағынан, тұтынушылар тарапынан сұранысқа, бәсекелестерге қарағанда артта қалып отыр;

тартымдылық қасиеттері мен сауда белгісінің беделі мен сенімділігі жағынан, яғни маркетингтік саясаттың ақсаңдауы;

өнімнің өңделу деңгейін тереңдету технологиясын жетілдіру немесе оны өндіріске енгізуге байланысты инновациялық шараларды елең етпеуі;

кәсіпорында маркетинг жұмыстарының қалыптастырылуы немесе тиімді жүзеге асырылуы сынды іс-шаралардың жеткіліксіздігі;

баға қалыптастыру саясаттарының дұрыс немесе жеткілікті дәрежеде жүзеге асырылмауы;

зерттеулер мен әзірлемелер саласында артта қалу;

кейбір жұмысшы мамандықтары бойынша білікті мамандардың жетіспеуі.

Жоғарыда зерттеулер нәтижесі бойынша, анықталған мәселелердің тізімі айқындалып, оларды шешу жолдары қарастырылды.

Әлемдік нарықтың қатаң талаптары мен бәсекелік шарты отандық өндіруші кәсіпорындардың сол талаптар мен шарттарды ұстануын қалайды. Өйтпеген жағдайда әлемдік нарықта осы өнім түрлері бойынша негізгі өндірушілер саналатын мемлекеттер өздерінің бәсекелік ықпалымен еліміздің ішкі нарығын және еруге мүмкін болатын көршілес мемлекеттердің нарықтарын игеріп алуы қиын емес [6]. Сондықтан да ішкі нарықтағы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі, ең алдымен, олардың сапасына байланысты. Сапалы өнім еліміздің Бүкіләлемдік сауда ұйымында жұмыс істеу мүмкіндіктерін айқындайтын және әлемдік нарықтағы бәсекелік қабілетін арттыратын факторлардың маңыздысына жатады. Қазіргі кезде еліміз Бүкіләлемдік сауда ұйымына мүше болғалы отандық өнімдердің сапасын арттыру алдыңғы кезектегі мәселеге айналуда [7] (сурет 1). Сапаны

жоғарылату мәселесі ҚР Президентінің «Қазақстанның әлемдік бәсекеге қабілетті 30 ел қатарына ену стратегиясында» кең қарастырылады.

Кесте 1 - Өнім мен өндіруші кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін жоғарлату бойынша проблемалар мен оны шешу жолдары

Проблемалар	Шешу жолдары
1.Сапалық көрсеткіштер жағынан, тұтынушылар тарапынан сұранысқа, бәсекелестерге қарағанда артта қалып отыр 2.Тартымдылық қасиеттері мен сауда белгісінің беделі мен сенімділігі жағынан, яғни маркетингтік саясаттың ақсаңдауы; 3.Кәсіпорында маркетинг жұмыстарының қалыптастырылуы немесе тиімді жүзеге асырылуы сынды іс-шаралардың жеткіліксіздігі;	- өнімнің сапалық және бағалық тиімділіктерін жарнамалау; - кәсіпорынның сауда белгісін нығайту және танымалдылығын кеңейту; - өнімнің сыртқы келбеті мен жағымдылық қасиеттерін арттыру; -маркетинг жүйенің стратегиясы, тактикасын дайындау.
5.Өнімнің өңделу деңгейін тереңдету технологиясын жетілдіру немесе оны өндіріске енгізуге байланысты инновациялық шараларды елең етпеуі;	- халықаралық сапа стандарттарын енгізу; - өнімнің органолептикалық қасиеттерін жақсарту; - ғылыми-техникалық және инновациялық жетістіктерді енгізу;
6.Баға қалыптастыру саясаттарының дұрыс немесе жеткілікті дәрежеде жүзеге асырылмауы;	- өнімнің өзіндік құнын төмендету мүмкіндіктерін іздестіру; - бағаны қалыптастыру әдістерін анықтау; - нарықтық бәсеке жағдайына байланысты өнімнің бағасын белгілеу.
Ақпарат көзі: Мәліметтер [5] негізінде құрастырылған	

Әлемдік тәжірибеде көрсетіп отырғанындай, әрбір елдің әлемдік нарықтағы бәсекелік қабілеті оның ішкі өндірушілерін қолдауы мен олардың дамуына мүмкіндік жасауына тікелей байланысты. Өз кезегінде, мемлекеттің бәсекелік қабілеті, көп жағдайда сол елдегі өндірушілердің өнімдерінің әлемдік нарықтағы танымалдылығы мен бәсекеге қабілетті болуына тәуелді.

Отандық нарықта ішкі өндірушілердің үлесін арттыру, оларды сыртқы бәсекелестердің теріс пиғылды бәсекелік әрекеттерінен қорғау, әлемдік нарықта өз орнын табуға бағытталған ынталарын жан-жақты қолдау сынды әрекеттер мемлекетіміздің осы сала кәсіпорындарына жасайтын мемлекеттік қолдау келесі бағыттар арқылы жүзеге асуы тиіс:

Еліміздің Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіруі отандық өнім өндірушілерді заңдылық тұрғыдан қорғайтын шаралардың жүзеге асуы. Бұл бағытта осы ұйымға мүше болған басқа елдердің тәжірибесін назарға алу қажет. Соңғы жылдары осы ұйымға мүше болған мемлекеттер (Латвия, Эстония, Грузия, Литва, Молдова және Қытай) өздерінің бірқатар талаптарын қоя отырып енді. Мұнда экспорттық субсидияларды пайдалану, кейбір импорттық өнім түрлеріне жоғарылатылған баж салықтарын қалдыру, қолдауды қажет ететін салаларға мемлекеттік жеңілдетілген несиелер беру, тағы басқа да жағдайлар қарастырылған.

Нақты сала кәсіпорындарына, яғни өнімді өңдеу секторына қатысты мемлекеттік инвестициялық саясат ұстану. Қазіргі кезде зейнетақы қорлары, ұлттық қор, даму институттары, әлеуметтік- кәсіпкерлік корпорациялар, мемлекеттік холдингтік компаниялар, сақтандыру қорларының жинақтаған қаржыларын тиімді несиелеу тетіктері арқылы аталған саланы қолдауға болады.

Жалпы өнеркәсіптік саясат шеңберінде экономикалық қолдау шараларын енгізу. Бұл бағыт кәсіпорынның қолайлы дамуы мен өнімдерінің бәсекелік қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі талап өнім өндірушілерді экономикалық қолдаудың тетіктерін жетілдіруге бағытталуы тиіс. Салықтық, кедендік, қаржы-несиелік, ұйымдастырушылық, құқықтық, монополияға қарсы шаралар арқылы өнеркәсіптің өркендеуін қамтамасыз ету мемлекеттік қолдаудың негізі болуы қажет.

Бұл тарапта, мемлекеттік сатып алу, ғылыми-техникалық ізденістерге мемлекеттік тапсырыстар беру, тиісті салаларға жеңілдетелген несие беру, субсидиялар бөлу, салық жеңілдіктерін енгізу және басқа да жеңілдіктер көрсету кәсіпорындардың дамуына айтарлықтай оң ықпалын тигізеді айқын.


Мемлекеттік саясаттың негізгі түйіні өндірістік және ғылыми-техникалық кешендерді жиынтық түрде ішкі және сыртқы факторларды, сауда жүйесіндегі әлемдік талаптардың негізгі қағидаларын сақтай отырып икемді, бәсекеге қабілетті өнімді шығаруға негізделуі тиіс. Осы арқылы мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады.

Мемлекеттік саясаттың тағы бір ерекшелігі өндірісті тікелей қолдау ғана емес, бәсекелік ортаны дұрыс реттеу арқылы өндірушілерді кәсіпорынға соңғы ғылыми –техникалық жетістіктерді енгізуге, өнімді дайындау технологиясын жетілдіруге, қаржыларды тиімді пайдалануға, өндірісті жүйелі дамыту мен нәтижелі басқаруға, яғни, ең бастысы, бәсекеге қабілетті өнім шығаруға ынталандыру арқылы бейнеленуі мүмкін. Сол сияқты, нарықтағы маңызды күш – шағын кәсіпкерлікті дамыту міндеттері де аталған саясатта көрініс табуы тиіс.

Бәсекеге қабілеттілікті мемлекеттік қолдауға қатысты келесі бір тетік – ол салық салу жүйесінің жеңілдіктері. Салық жеңілдіктері арқылы отандық өндірістерді сыртқы бәсеке ықпалынан қорғауға жағдай жасауға болады. Салық жеңілдіктерінен үнемделетін қаржы өндірістің материалдық-техникалық базасын нығайтуға және жаңартуға мүмкіндік береді.

Президенттің стратегиясына сәйкес біздің мемлекет қысқа уақытта әлемнің бәсекеге қабілетті 30 ел қатарына енуі қажет. Кейбіреулері біздің ел дамыған мемлекеттердің қатарына кіргеннен кейін өмір сүру деңгейі автоматты түрде Жапония, Ұлыбритания, АҚШ деңгейлеріне жетеді деп ойлайды. Алайда, бұл жол ауыр ұрынуға болатын тастарға бай. Аналитиктер біздің ел БСҰ-ға кіргеннен кейін көптеген отандық компаниялар бәсекелестерге шыдамай, көп ұзамай банкротқа ұрынады деп бекітеді.

Тұтынушылар Ұлттық лигасы мен Қазақстанның мінсіз бизнес кәсіпорындар Ассоциациясының мамандарының мақұлдауы бойынша БСҰ-ға кірген кезде отандық кәсіпорындардың өнім мен қызметтің сапасы және бәсеке қабілеті үлкен мағынаға ие болады. Ең жақсы «елулік» мемлекетке кіргендегі қазақстандықтардың өздері де маңызды роль ойнаулары керек.



Сурет 1. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдары
Ескерту – Мәліметтер [5] негізінде құрастырылған

Әдебиеттер тізімі

1. Черкасов В.А. Теоретические основы конкурентоспособности: Препринт. - СПб.: Изд-во СПб., ГУЭФ, 2004- 256 б.
 2. Қазақстан Республикасының «Бәсекелестік туралы» Заңы //Егемен Қазақстан, 2008, 30 желтоқсан.
 3. Ахмеджанова С.Б. Конкурентоспособность пищевой промышленности Казахстана: теория, проблемы и механизм обеспечения. Отв. ред. докт. экон. наук., проф Кенжегузин М.Б. Алматы, 2001, 291 б.
 4. Нурмаганбетов К.Р. Рыночное регулирование производственно-хозяйственной деятельности фирмы по переработке сельскохозяйственной продукции. Алматы, Галым, 2007, 176 б.
 5. Әмірбекұлы Е. Фирманың бәсекеге қабілеттілігі. Оқу құралы. Алматы, 2012, 116 б.
 6. Новицкий Н.И., Олегсюк В.Н. Управление качеством продукции. Минск, Новое знание, 2013, 238 б.
- Антончева С. Единство стандартов – залог качества. //Казахстанская правда. – 2015. – 11 августа.